




Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ тілі білімі кафедрасы  
Мамаева Гүлнар Бейсенқызы  
Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор




**Пән атауы: «Қазіргі қазақ тілінің  
морфологиясы және сөзжасамы»**




**Дәріс тақырыбы: Сөзжасамдық тізбек,  
тарам және сөзжасамдық тип пен үлгі.**




## **Қарастырылатын мәселелер:**

- Сөзжасамдық тізбектің ұя мүшесі ретінде жаңа туынды сөздер жасаудағы орны;
  - Сөзжасамдық тізбектің құрылымы, белгілері;
  - Сөзжасамдық тарам;
  - Сөзжасамдық тип пен үлгі.
- 



Бір түбірден тараған бірінен-бірі тікелей туындайтын, біріне-бірі негіз болатын негізді сөздердің тобы **сөзжасамдық тізбек** деп аталады [1, 147].

«Русская грамматика» атты академиялық грамматикада сөзжасамдық тізбекке: «**Словообразовательная цепочка** – это ряд однокоренных слов, находящихся в отношениях последовательной мотивированности» деген анықтама берілген [2, 127].






Тізбектің  
құрамындағы туынды  
сөз біреу де, бірнешеу  
де болады.




Мысалы: *ой-ойла-ойлан-  
ойландыр-ойландырт* – 4  
сөз; *жұп-жұптық* – 1 сөз;  
*жыр-жырла-жырлас* – 2  
сөз.



Сөзжасамдық тізбектің  
жаңа буынынан  
сөзтізбек жалғасып,  
жаңа, тың мағына  
жасала береді.

Әр сөзжасамдық тізбек  
негіз сөзден, туынды  
түбірден жасалады да,  
содан әрі қарай өзінің  
мағына тудыру шегіне  
жеткенше тізбектеліп  
кете береді.



## Сөзжасамдық тізбектің белгілері


Сөзжасамдық тізбектің құрамында міндетті түрде түп негіз сөз болуы керек.

Туынды сөздердің саны тізбекте түрлі болады.


Тізбектің бір мүшесі ғана бір морфемалы сөз болады, қалған мүшелері екі не одан да көп морфемалы сөзден тұрады.

Тізбек құрамындағы туынды түбір сөздер бір сөз табына да, әр түрлі сөз табына да қатысты болады.







Әр сөзжасамдық тізбек негіз сөзден басталып, негізді сөзбен аяқталады. Сөзжасамдық тізбекте негіз сөз – 1, қалғандары негіз емес сөз, яғни негізді сөздер.




Мысалы: *бет – бетте – беттес – беттестір.*






Қазақ тіл білімінде **сөзжасамдық тарам** ұғымына зерттеушілер бір лексикалық тұлғадан, сөзжасам термині бойынша бір түп негізден бірінші сатыда тараған туынды сөздер тобын жатқызып жүр.



Сөзжасамдық тарам құрамындағы туынды түбірлер бір ғана негізден тік қатардағы бір сатыда жасалуы шарт.


Мысалы: *бас – басшы.*





**Сөзжасамдық тарам деп тік қатардағы бір сатыда бір негіз сөзден өрбіген туынды сөздердің жиынтығы аталады.**

Мысалы, *өр* сөзінен:

- 1) *өрбі, өргіз, өрдір, өріс;*
  - 2) *өріссіз, өрісті, өрісте, өрісшіл, өрістес;*
  - 3) *өрістел, өрістен, өрістет;*
  - 4) *өрістік, өрістілік;*
  - 5) *өрістетіл, өрістеңкіре.*
- 




# Сөзжасамдық тарамның белгілері

Жұрнақ арқылы  
жасалады.

Сөз табы жағынан  
тарамға енетін  
туындылар біркелкі  
емес.

Бірінші сатыдағы  
сөздерден жасалады,  
кейде түрлі сатыдағы  
сөздерден жасала береді.



**Сөзжасамдық тип** деп бір сөз табынан белгілі бір жұрнақ арқылы жасалған ұқсас мағыналы туынды сөздердің жасалуы.

Мысалы, етістік тудыратын жұрнақтар арқылы жасалған (*-ла/-ле, -да/-де, -та/-те*) туынды түбірлер бір сөзжасамдық типке жатады: *байла, көзде, қолда, т.б.*




**Сөзжасамдық үлгі** –  
туынды сөздердің  
құрамындағы бір тұлғаның  
ортақ болуы арқылы  
қалыптасқан екіншілік  
мағыналы туынды сөздер.



Мысалы, сөзге тек *-шы*  
жұрнағының жалғануы жалпы  
атауға кісінің мамандығына,  
қызметіне қатысты ғана  
атаулар туындай алады: *ән –*  
*әнші, би – биші, домбыра –*  
*домбырашы.*



### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 365 б.
  2. Русская грамматика / Н.Ю. Шведова. — Мәскеу: Наука, 1980. – 743 б.
  3. Құрманәлиев Қ. Сөзжасамдық ұяның синтагматикалық күрделі бірліктері. – Алматы, 1999. – 96 б.
  4. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. – Алматы, 1999. –307 б.
- 





**Назарларыңызға рақмет!**